

УДК 616-002.5-053.2-07

А.Г. ИСАЕВА<sup>1</sup>, Н.С. СЫЗДЫҚОВА<sup>1</sup>, Х.М. ДӘУІТОВА<sup>1</sup>, Г.К. ҚҰРАЛБАЕВА<sup>1</sup>, Б.Т. ТҮЙЕБАЕВА<sup>2</sup><sup>1</sup>С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық Медицина Университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы,<sup>2</sup>ҚР Ұлттық туберкулез мәселелерінің орталығы, Алматы қ., Қазақстан Республикасы

## ТУБЕРКУЛЕЗДІҢ ВИРУСТЫ ГЕПАТИТПЕН ҚОСАРЛАНҒАН КЕЗІНДЕГІ ӨЗГЕРІСТЕРІ

Қазіргі таңда созылмалы гепатитке шалдыққан науқастар саны прогрессивті түрде жоғарылауда. Гепатит пен өкпе туберкулезі қосарланып жүруі гепатиттің созылмалы ағымына әкеледі.

Зерттеудің мақсаты болып гепатит пен өкпе туберкулезі қосарланып жүру ағымының ерешеліктерін саралау.

**Материал және әдістері.** Туберкулезге шалдыққан 68 науқастардың сырқатнамасына сараптама жүргізілді. Қосымша науқастар вирусты гепатиттің (А, В, С, D, E, G) маркерлеріне зерттелді.

**Нәтижелері және талқылауы.** Вирусты гепатит алғаш туберкулезге шалдыққан науқастар арасында - 44,1%, химиотерапия жүргізілген науқастар арасында - 22,1% кездесті. Химиотерапия кезіндегі токсикалық гепатит - 33,8% құрайды. Туберкулезге шалдыққан науқастар арасында вирусты гепатиттің белсенді сатысы 31,1% байқалды.

**Қорытынды.** Туберкулездің ВГ-пен қосарланғандағы клиникалық көрінісі химиотерапияға дейін - 15,6%, химиотерапиядан кейін - 31,1% (2 есе жоғарылаған).


**Негізгі сөздер:** өкпе туберкулезі, вирусты гепатит, токсикалық гепатит, химиотерапия.

Қазіргі таңда іш қуысы ағзаларының патологиясы, оның ішінде созылмалы гепатитке шалдыққан науқастар саны прогрессивті түрде жоғарылауда. Халық арасында вирусты гепатит С саны 3,5% анықталды. Оның ішінде, вирусты гепатит және бауырдың алкогольді дергімен қатар аутоиммундық, дәрілік, алкогольға байланысты емес гепатиттер саны жоғарылауда [1, 2]. Қазіргі таңда гастроэнтерологиялық клиникада созылмалы гепатиттің этиологиясы, клиникасы, емдеу нәтижесімен қатар бауырдан тыс көріністері сипатталады [3]. Гепатиттің бейспецификалық және түрлі этиологиялық аурулардың көрінісі болуы, оның лабораторлы және клиникалық салыстырмалы диагностикасы өте күрделі және қиын деуге болады [4]. Гепатит пен өкпе туберкулезі қосарланып жүруі ауыр түрде өтеді. Бауырдың жиі ұлғаюы, биохимиялық анализдерде, гемограммада ауытқулар болады. Химиотерапия кезінде рифампицин мен пиразинамидтің гепатотоксикалық әсері күшейеді, гепатиттің созылмалы ағымы дамиды (1 сур).

Зерттеудің мақсаты - гепатит пен өкпе туберкулезі қосарланып жүру ағымының ерешеліктерін анықтау.

### МАТЕРИАЛ ЖӘНЕ ӘДІСТЕРІ

Туберкулезге шалдыққан 68 науқастардың сырқатнамасына сараптама жүргізілді. Зерттей келе: 15 (22,1%) науқастар анамнезінде вирусты гепатитпен ауырғандар, 8 (11,7%) HBsAg тасымалдаушылар, ал 68 науқастың ішінен 45 (66,2%) вирусты гепатиттің (А, В, С, D, E, G) маркерлері анықталған. Зерттелген науқастарды жасы және жынысы бойынша сараптадық (№1 кесте).



1 сурет - Өкпе туберкулезімен науқастар арасында қосарланған бауыр аурулары

Кестені сараптағанда, туберкулез және ВГ мен ауыратындар ішінде қыздар саны екі есе және 10-13, 14-15 жас аралығындағы науқастар көбірек анықталған.

### НӘТИЖЕЛЕРІ ЖӘНЕ ТАЛҚЫЛАУЫ


Тыныс алу ағза туберкулезін клиникалық түрлері бойынша топтастырдық: біріншілік туберкулезді кешені (БТК) - 9 (13,2%), кеудеішілік лимфатіндерінің туберкулезі (КІЛТТ) - 18 (26,4%), диссеминацияланған - 3 (4,4%), ошақты - 5 (7,3%), инфильтратты - 21 (30,8%), туберкулез плевриті - 8 (11,7%), фиброзды кавернозды туберкулез - 4 (5,8%). Науқастардың арасында 45 (66,2%) вирусты гепатиттің (А, В, С, D, E, G) маркерлері анықталған (2 сур).

**Хабарласу үшін:** Исаева Амангүл Габдулхақимқызы, Фтизиопульмонология кафедрасының доценті, С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті, Алматы қ. Тел.: + 7 (727)291 06 87, + 7 701 573 0448, + 7 707 3461215

**Contacts:** Amangul Gabdulhakimovna Isayeva, Associate Professor of the Department of Phthisiopulmonology Kazakh national medical university n.a. S.D. Asfendiyarov, Almaty c. Ph.: + 7 (727)291 06 87, + 7 701 573 0448, + 7 707 3461215

1 кесте - Зерттелген науқастарды жасы және жынысы бойынша іріктеу

Жынысы	Жалпы саны		Жасы									
			2-5		6-9		10-13		14-15		16-18	
	абс.	%	абс.	%	абс.	%	абс.	%	абс.	%	абс.	%
Ұл	24	35,3	3	4,4	5	7,3	5	7,3	7	10,2	4	5,8
Қыз	44	64,7	8	11,7	9	13,2	12	17,6	9	13,2	6	8,8
Барлығы	68	100	11	16,1	14	20,5	17	25,0	16	23,5	10	14,7




2 сурет - Науқастарды ВГ маркерлары бойынша топтастыру (%)

Туберкулезге шалдыққан науқастар арасында ВГ химиотерапия дейін клиникалық симптомдары - 16,1% анықталса, емдеу барысында – 35,2% анықталды (2 кесте).

Туберкулездің ВГ-пен қосарланған түрінде кездесетін өзгерістер биохимиялық анализінде трансаминаза 3,7 ммоль/л дейін жоғарылауы – 8 (11,7%), билирубин

50 мкмоль/л дейін – 7 (10,2%), тимол сынамаcы 18 БІР дейін – 14 (20,5%) науқаста анықталды. Ультрадыбысты зерттеуде (УДЗ) әртүрлі өзгерістер, яғни эхоқұрылымы біркелкі емес, эхотығыздығы күшейген, бауыр көрінісі ала ірі дәнді - 27 (39,7%) науқаста байқалған. Иммунологиялық зерттеу кезінде Т-супрессор көбейгені, жетілген В-лимфоциттер салыстырмалы түрде жоғарылағаны - 15 (33,3%) науқаста анықталды. Жүргізілген химиотерапия бауыр қызметінің бұзылуын өршітті. Туберкулезге шалдыққан 68 науқастарды сараптаған кезде ВГ 31,1% белсенді сатысы анықталды (3 сур).



3 сурет - Вирусты гепатиттің ағымы (соңына %)

2 кесте - ВГ клиникалық көрініс жиілігі

№	Клиникалық симптомдары	Науқастың саны	
		түскен кезде	химиотерапия кезінде
1	Тәбеттің төмендеуі, лоқсу, құсу	7 (10,2%)	10 (14,7%)
2	Пигментация, терідегі "жұлдызша", пальмарлы эритема, капиллярит	7 (10,2%)	24 (35,2%)
3	Тері және склераның сарғаюы	2 (2,9%)	3 (4,4%)
4	Оң жақ қабырға астындағы ауру сезімі	6 (8,8%)	11 (16,1%)
5	Пальпацияда бауырдың ауруы	5 (7,3%)	13 (19,1%)
6	Гепатомегалия	7 (10,2%)	14 (20,5%)
7	Спленомегалия	2 (2,9%)	-
8	Бөртпе, қышу	-	1 (1,4%)
9	Қан кетулер(мұрын, т.б.), терідегі көгерулер	-	1 (1,4%)
10	Клиникалық көрініспен жалпы саны	11 (16,1%)	24 (35,2%)
11	Клиникалық көрініссіз жалпы саны	57 (83,8%)	(64,7%)

ВГ маркерлері анықталмаған 23 (33,8%) науқас арасында химиятерапия барысында 8 (11,7%) науқаста диспепсиялық бұзылыстар, бауырдың ұлғаюы, трансаминаза және тимол сынамаcы жоғарылауы байқалып, зерттей келе ол науқастарда токсикалық гепатиттің орын алғаны дәлелденді. Өкпе туберкулезі мен ВГ немесе токсикалық гепатит қосарланып жүрген кезінде науқастың терапиясы өзгеріске түсіп отырды. Диетасы №5 алмастырылып, патогенетикалық емі: урсосан, эссенциале, гепабене, лив-52 және дезинтоксикациялық терапиясымен толықтырылды. Жағдайлары орташа және төмен ауырлықтағы науқастарға гемасорбция, плазмаферез, жасушалық терапиясы жүргізілді.

**ҚОРЫТЫНДЫ**

Сонымен, туберкулезбен ауыратын балалар мен жасөспірімдер арасында 45 (66,2%) вирусты гепатиттің (А, В, С, D, E, G) маркерлері анықталған, оның ішінде ВГ 31,1% белсенді сатысы анықталды. Алғаш анықталған туберкулездегі ВГ жиілігі - 44,1%, химиотерапия жүргізілген науқастар арасында - 22,1% кездесті. Химиотерапия кезіндегі токсикалық гепатит - 33,8% құрайды. Туберкулездің ВГ-пен қосарланғандағы клиникалық көрінісі химиотерапияға

дейін – 15,6%, химиотерапиядан кейін – 31,1% (2 есе жоғарылаған). Оның ішінде пигментация, терідегі «жұлдызша», пальмарлы эритема, капиллярит, оң жақ кабырға астындағы ауру сезімі, гепатомегалия симптомдары жиі кездеседі.

### **Зерттеу мәлдірлігі**

*Зерттеуге демеушілік қолдау көрсетілген жоқ. Авторлар баспаға ұсынылған қолжазбаның түпкілікті версиясы үшін толық жауап береді.*

### **Қаржылық және басқа да қарым-қатынастар туралы декларация**

*Бүкіл авторлар мақаланың концепциясын дайындауға және қолжазбаны жазуға қатысты. Қолжазбаның түпкілікті версиясын бүкіл авторлар мақұлдады. Авторлар мақала үшін қаламақы алған жоқ.*

### **ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР**

1 Савоненкова Л.Н. Специфические и неспецифические абдоминальные поражения при туберкулезе: клиника, диагностика, течение, прогноз: автореф. дисс. ... д-ра мед. наук. - Новосибирск, 2008. – С. 3-6

2 Галицкий Л.А., Зарецкий Б.В., Лебединец А.И. Вирусный гепатит В во фтизиатрической практике // Большой Целевой Журнал о туберкулезе. – 1999. - №4. – С. 10-12

3 Гастроэнтерология: национальное руководство. Под ред. В.Т.Ивашкина, Т.Л.Лапиной. - М.: ГЭОТАР-Медиа, 2008. - 704 с.

4 Перельман М.И., Корякин В.А., Богдельникова И.В. Фтизиатрия. – М.: Медицина, 2004. - С. 136-138

### **REFERENCES**

1 Savonenkova LN. *Spetsificheskiye i nespetsificheskiye abdominalnyye porazheniya pri tuberkuleze: klinika, diagnostika, techeniye, prognoz : avtoreferat diss. ... doktora meditsinskikh nauk* [Specific and nonspecific abdominal lesions during the tuberculosis: clinic, diagnosis, duration, prognosis: Diss. ... of the doctor of Medical Sciences]. Novosibirsk; 2008. P. 3-6

2 Galitskiy LA, Zaretskiy BV, Lebedinets AI. Viral hepatitis B in phthisiatric practice. *Bolshoy Tselevoy Zhurnal o tuberkuleze = Large Targeted Journal of Tuberculosis*. 1999;4:10-2 (In Russ.)

3 *Gastroenterologiya: natsionalnoye rukovodstvo. Pod red. V.T. Ivashkina, T.L. Lapinoy* [Gastroenterology: national leadership. Edited by V.T. Ivashkina, T.L. Lapina]. Moscow: GEOTAR-Media; 2008. P. 704

4 Perelman MI, Koryakin VA, Bogadelnikova IV. *Ftiziatriya* [Phthisiology]. Moscow: Medicine; 2004. P. 136-8

### **РЕЗЮМЕ**

**А.Г. ИСАЕВА<sup>1</sup>, Н.С. СЫЗДЫКОВА<sup>1</sup>, Х.М. ДАУТОВА<sup>1</sup>, Г.К. КУРАЛБАЕВА<sup>1</sup>, Б.Т. ТУЙЕБАЕВА<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>Казахский национальный медицинский университет им. С.Д. Асфендиярова, г. Алматы, Республика Казахстан, <sup>2</sup>Национальный центр проблем туберкулеза, г. Алматы, Республика Казахстан

### **ИЗМЕНЕНИЯ, ВСТРЕЧАЮЩИЕСЯ ПРИ СОЧЕТАННОМ ТЕЧЕНИИ ТУБЕРКУЛЕЗА С ВИРУСНЫМ ГЕПАТИТОМ**

На современном этапе отмечается прогрессивный рост случаев хронического гепатита. При сочетании с туберкулезом гепатит чаще имеет хроническое течение.

**Цель исследования.** Оценить особенности течения при сочетании туберкулеза с вирусным гепатитом.

**Материал и методы.** Проанализированы истории болезней 68 больных туберкулезом. Дополнительно исследованы анализы крови на маркеры вирусного гепатита (А, В, С, D, E, G).

**Результаты и обсуждение.** Среди впервые выявленного туберкулеза вирусный гепатит диагностировался в 44,1% и при химиотерапии выявлялся в 22,1% случаев. Токсические гепатиты при химиотерапии встречались в 33,8% случаев. Среди больных туберкулезом активный гепатит в активной фазе отмечен в 31,1% случаев.

**Вывод.** Клинические проявления туберкулеза в сочетании с вирусным гепатитом до химиотерапии отмечались в 15,6%, а после химиотерапии возросли до 31,1% (в 2 раза).

**Ключевые слова:** туберкулез легких, вирусный гепатит, токсический гепатит, химиотерапия.

### **SUMMARY**

**A.G. ISSAYEVA<sup>1</sup>, N.S. SYZDYKOVA<sup>1</sup>, Kh.M. DAUTOVA<sup>1</sup>, G.K. KURALBAYEVA<sup>1</sup>, B.T. TUIEBAEVA<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>Kazakh National Medical University n.a. S.D. Asfendiyarov, Almaty, Republic of Kazakhstan,

<sup>2</sup>National Center for Tuberculosis, Almaty c., Republic of Kazakhstan,

### **THE CHANGES OCCURRING WHEN COMBINING TUBERCULOSIS AND VIRAL HEPATITIS**

At the present stage there is a progressive increase in the incidence of chronic hepatitis. Combined with tuberculosis, hepatitis often has a chronic course.

**Study purposes.** To assess the features of the course in the combination of tuberculosis with viral hepatitis.

**Material and methods.** The disease histories of 68 patients with tuberculosis are analyzed. Blood tests for markers of viral hepatitis (A, B, C, D, E, G) are additionally examined.

**Results and discussion.** Among newly diagnosed tuberculosis, viral hepatitis was diagnosed at 44.1%, and with chemotherapy revealed in - 22.1% cases. Toxic hepatitis in chemotherapy occurred in 33.8% of cases. The active hepatitis in an active phase was recorded in 31.1% cases among the patients with active tuberculosis.

**Conclusions.** Clinical manifestations of tuberculosis in combination with viral hepatitis before chemotherapy were noted at 15.6%, and after chemotherapy increased up to 31.1% (2 times).

**Key words:** pulmonary tuberculosis, viral hepatitis, toxic hepatitis, chemotherapy.

**Сілтеме үшін:** Исаева А.Г., Сыздықова Н.С., Даутова Х.М., Қуралбаева Г.К., Туйебаева Б.Т. Туберкулездің вирусты гепатитпен қосарланған кезіндегі өзгерістері // *Medicine (Almaty)*. – 2017. – No 6 (180). – P. 69-71

Статья поступила в редакцию 11.04.2017 г.

Статья принята в печать 12.06.2017 г.